

Дариян ауылдық (селолық) округінде кейбір көшелердің атауын өзгерту туралы

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Дариян ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 2 қарашадағы N 66 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 25 қарашада N 7-7-121 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарын, Дариян ауылы тұрғындарының пікірін ескеріп, тұрғындар жиналысының 2010 жылғы 8 сәуірдегі хаттамасын және аудандық ономастикалық комиссиясының 2010 жылғы 9 шілдедегі N 3 хаттама анықтамасын басшалыққа ала отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Дариян ауылдық (селолық) округі, Дариян ауылының кейбір көшелерінің атаулары өзгертілсін:

- 1) В. И. Ленин көшесі – Абылайхан көшесіне;
- 2) Пролетарская көшесі – С. Мендешов көшесіне;
- 3) Луговая көшесі – Сүгір көшесіне;
- 4) Молодежная көшесі – Жас Отан көшесіне;
- 5) 40 лет Победы көшесі – А. Пушкин көшесіне;
- 6) Набережная көшесі – Х. Есенжанов көшесіне;
- 7) Манежная көшесі – Мұхит Мералы көшесіне;
- 8) Зеленая көшесі – Шығанақ көшесіне;
- 9) Пионер көшесі – Балдырған көшесіне;
- 10) Солнечная көшесі – Астана көшесіне;
- 11) Восточная көшесі – Бекет батыр көшесіне;
- 12) Советская көшесі – И. Тайманов көшесіне;
- 13) Коммунистическая көшесі – М. Өтемісұлы көшесіне;
- 14) Юбилейная көшесі – М. Әуезов көшесіне;
- 15) Демократическая көшесі – Құрманғазы көшесіне;
- 16) Фестивальная көшесі – Д. Нұрпейісова көшесіне;
- 17) Комсомольская көшесі – М. Мәметова көшесіне;
- 18) Строительная көшесі – Ә. Молдағұлова көшесіне;
- 19) 70 лет Октября көшесі – Б. Момышұлы көшесіне;
- 20) Степная көшесі – И. Есенберлин көшесіне;
- 21) Октябрьская көшесі – И. Шкилев көшесіне;
- 22) Мира көшесі – Д. Қонаев көшесіне;

- 23) Лесная көшесі – Ж. Жабает көшесіне;
- 24) Песочная көшесі – М. Мақатаев көшесіне;
- 25) 60 лет Октября көшесі – Достық көшесіне.

2. Осы шешімінің орындалуы Дариян ауылдық округі әкімі аппаратына жүктелсін.

3. Осы шешімінің алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Дариян ауылдық округінің әкімі

Н. Железнов